

## Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы

Атырау облыстық әкімияттың 2002 жылғы 27 наурыздағы N№142 қаулысы. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 18 сәуірде N 921 тіркелді. ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамырдағы № 3-2185/06 хатына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатпайды

Атырау облыстық әкімияттың 2002 жылғы 27 наурыздағы N№142 қаулысы. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 18 сәуірде N 921 тіркелді. ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамырдағы № 3-2185/06 хатына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатпайды

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамырдағы 3-2185/06 х а т ы н а н ү з і н д і :

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу үшін, жолдайды.

Қ о с ы м ш а 2 б е т т е .

А О Ә Д б а с т ы ғ ы

Қ о с ы м ш а :

13) Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылғы 27 наурыздағы N 142 "Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы" қаулысы ( Атырау облыстық әділет департаментінде 2002 жылғы 18 сәуірде N 921 тіркелді).

Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау проблемаларын кешенді шешуді жүзеге асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 "Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қаулысын орындау мақсатында облыстық әкімият қаулы етеді:

1. Облыстық әкімияттың жанынан кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия құрылсын (бұдан әрі - Комиссия) және оның құрамы бекітілсін (N 1 - қ о с ы м ш а ).

2. Комиссия туралы ереже бекітілсін (N 2-қосымша).

3. Комиссияның жұмысшы органы болып облыс әкімі аппаратының

мемлекеттік-құқықтық және әскери-жұмылдыру жұмысы бөлімі белгіленсін.

4. Облыс әкімінің 1999 жылғы 8 желтоқсандағы N 254 "Облыс әкімі жанындағы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі комиссияның жаңа құрамын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Облыс әкімінің міндетін атқарушы*

Облыстық әкімияттың 2002 жылғы 27  
наурыздағы N 142 қаулысына қосымша N 1

## **Кәмелетке толмағандар құқығын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның құрамы**

**Ескерту.;** Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық әкімияттың 22.02.2005  
N 73 қаулысымен.

Мүрсалиева Тасқира Қабиқызы - Атырау облысы әкімінің орынбасары комиссия  
т ө р а й ы м ы

Нүриденов Кеңес Сәлімұлы - Атырау облысы Ішкі Істер басқармасы бастығының  
о р ы н б а с а р ы (келісім бойынша)

Әліпов Данияр Ибрагимұлы - облыс әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық  
жұмыс бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы  
К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Баянасова Светлана Әбілғапарқызы - Атырау облыстық Әділет департаментінің  
апостиль және азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру  
бөлімінің бастығы (келісім бойынша)

Бисенұлы Уәйс - N 2 Атырау қалалық ауруханасының бас дәрігері, облыстық  
м ә с л и х а т т ы ң д е п у т а т ы (келісім  
б о й ы н ш а )

Иманғали Қазбек Қажыұлы - Атырау облысы Дене тәрбиесі және спорт бөлімінің  
б а с т ы ғ ы

Иманғалиев Бақыт Сайынұлы - Атырау облысы Мәдениет бөлімінің бастығы

Қайненов Қилымғали Қайненұлы - Атырау облысы Білім беру департаментінің  
д и р е к т о р ы

Қайрешов Сағын Мұратұлы - Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және  
элеуметтік бағдарламалар департаментінің директоры

Қарасаева Әлия Орынғалиқызы - Атырау облысы Денсаулық сақтау  
д е п а р т а м е н т і н і ң д и р е к т о р ы

## **Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. . Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау проблемаларының кешенді шешілуін іске асыруға бірыңғай көзқарасты қалыптастыру мақсатында құрылған тұрақты қызмет ететін орган болып табылады.

2. Облыстық комиссия жергілікті атқарушы орган - әкімиятта құрылады. Комиссия құрамы облыстық әкімияттың қаулысымен бекітіледі.

3. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құрамында төрағадан (әкімнің орынбасары), төрағаның орынбасарынан (облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары), комиссияның 6-12 мүшелерінен облыс әкімі аппаратында штаттық лауазымды қызмет атқаратын комиссияның жауапты х а т ш ы с ы н а н қ ұ р ы л а д ы .

4. Комиссия кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қараусыз қалуының алдын алуға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүдделі ішкі істер органдарының, білім, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім, денсаулық сақтау және өзге де ведомстволар өкілдерін біріктіреді.

5. Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы, осы ереже мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативті құқықтық кесімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырады.

6. Комиссия өз қызметінде облыстық әкімияттың алдында жауапты.

7. Комиссия қызметі :  
1 ) з а ң д ы л ы қ ;

2) кәмелетке толмағандармен адамгершілік қарым-қатынас;

3) кәмелетке толмағандарға, ата-анасы немесе оның заңды өкілдеріне сыйласымды қ а р ы м - қ а т ы н а с ;

4) кәмелетке толмағандар, ата-анасы немесе оның заңды өкілдері туралы а қ п а р а т т ы ң қ ұ п и я л ы л ы ғ ы ;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша оның ата-анасымен немесе заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

6) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін лауазымды адамдар мен азаматтардың жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

## 2. Комиссияның негізгі функциялары

8. Облыстық комиссияның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) аудандық, қалалық комиссиялардың қызметіне бағыт беру, оларға әдістемелік көмек көрсету;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәмелетке толмағандардың денсаулығын сақтау, олардың өмір сүру, тәрбие, білім беру, еңбек пен демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлеу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

3) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының, қараусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру;

4) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының, қараусыз қалуының алдын алу, оларды тудыратын себептерді жою, балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

5) есеп беретін комиссиялардың қабылдаған шешімдері мен қаулыларының негізділігін тексеру. Қабылданған шешімдерді негізсіз деп таныған жағдайда тиісті жергілікті атқарушы органдарға оларды жою туралы ұсыныстармен шығады;

6) комиссия қаулыларында көрсетілген кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды жою жөніндегі шараларды орындамаған немесе қабылдамаған жағдайларда лауазымды адамдарды белгіленген тәртіппен жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

7) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қараусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың анықталған фактілері туралы мүдделі органдарды хабардар ету;

8) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу мәселелерін шешуде балаларды тәрбиелеумен және оқытумен айналысатын органдар мен ұйымдар жұмысының оң тәжірибелерін қорыту және тарату, оларға ұйымдастыру-әдістемелік көмегін көрсету;

9) әділет органдары мен өзге де ұйымдарда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктермен, діни ұйымдармен, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының, қараусыз қалуының және өзге де қоғамға қарсы іс қимылдарының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі азаматтармен өзара іс қимыл жасау;

10) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына немесе шектелуіне байланысты кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдері мен басқа да адамдардың шағымдары мен өтініштерін қарау;

11) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін белгіленген тәртіппен сотқа жүгіну;

12) кәмелетке толмағандардың қылмыстар, құқық бұзушылықтар және қоғамға қарсы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау, талдау және оларды жою жөніндегі шараларды белгілеу;

13) білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, орналасу саласындағы заңдылықтардың бұзылуын жою жөніндегі ұсынымдарды енгізу туралы ұсыныстарды құзыретті органдарға жеткізу, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

### 3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

9. Комиссия өз жұмысын жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссия отырысы қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі және әдетте, ашық болып табылады. Кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында комиссия қаралатын мәселелердің сипатын ескере отырып, іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша жабық отырыс өткізу туралы дәлелді қаулы қабылдай алады.

Комиссия қажет кезінде қалада және аудандарда көшпелі отырыстар өткізе алады.

Комиссия отырысы егер оған, комиссия мүшелерінің кемінде жалпы санының жартысы қатысса заңды болып табылады. Комиссия отырысына оның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша комиссия төрағасының орынбасары төрағалық етеді.

Кәмелетке толмағанға қатысты шағымдар мен өтініштерді комиссия тек кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қарайды.

Кәмелетке толмағанның тілегі бойынша комиссия жұмысына қатысуға оның адвокаты жіберіледі.

Комиссия отырысын өткізу күні, орны мен уақыты туралы облыстық прокуратураға міндетті түрде хабарлануы керек.

*Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық әкімшілігінің 16.03.2004 N 69 қаулысымен.*

10. Комиссия отырысының хаттамасы және қаулысы.

Комиссия отырысында комиссияның жауапты хатшысы хаттама жүргізеді, онда:

комиссияның атауы мен жеке құрамы;

комиссия отырысының күні мен жері;

күн тәртібі туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Комиссияның қаулысы жай көп дауыспен қабылданады, ол хаттамамен рәсімделеді.

Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы

#### **4. Комиссияны материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

11. Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету облыс әкімі  
а п п а р а т ы н а жү к т е л е д і .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК